

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/MPRM4825>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева², У. М. Бахтикиреева³**

^{1,2}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

³Ресей халықтар достығы университеті,
Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.

БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ЖАСЫРЫН МӘН

Мақалада авторлар бейвербалды амалдардың зерттелу тарихына тоқталады. Күнделікті өміде кездесетін кейбір бейвербалды амалдардың мағынасына ұлттық таным тұрғысынан талдау жасалынады. Кинесикалық, просодикалық, такесикалық амалдардың берілу жолдары мен жасалуын тілтанушы ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлері негізінде көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы талдап түсіндіреді. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Әр ұлттың танымы мен мәдениеті, тарихы мен салтына байланысты қолданылатын тілдесімнің көмекші құралдарына семантикалық тұрғыда талдау жасайды. Коммуникация барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың мағынасын студенттер арасында жүргізілген сауалнама негізінде анықталады.

Мақала авторлары алғаш рет жасырын мәнді беру үшін жұмсалатын бейвербалды амалдардың болатынын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдейді. Олардың жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жекелеген адамдардың немесе арнайы топ мүшелерінің өзара келісімі бойынша жұмсалатын қосымша мағынасы болатынын анықтайды.

Зерттеу барысында авторлар бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу мақсатында әртүрлі әдістерді, оның ішінде талдау әдісін, әр ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін, жекелеген кинесикалық амалдардың қазақ және орыс халқында қолданылу мәнін түсіндіруде салғастырмалы әдіс қолданылады.

Кілтті сөздер: бейвербалды амалдар, кинесика, ым-ишарат, жасырын мән, ұлттық таным.

Кіріспе

Тіл – адам баласының қарым-қатынас құралы. Тіл арқылы ойымызды білдіріп, екінші бір адаммен пікірлесеміз. Демек, тілдің негізгі әрі ең басты қызметі – коммуникативтік қызмет. Адамдар арасындағы коммуникация вербалды және бейвербалды деп бөлінеді.

А. Пиз, А. Мейербиандардың пікіріне сүйенсек, хабардың берілуі вербалдық амалдар (тек сөздер) арқылы 7 %-ға, дыбыстық амалдар арқылы (дауыстың үнін, ырғағын қосқанда) 38 %-ға, ал бейвербалды амалдар арқылы 55 %-ға іске асатынын байқаймыз [1, 123]. Мәселен, сөйлеу тілі әлі қалыптаса қоймаған баланың бас изеуі арқылы өзіне керекті затқа қол жеткізетіндігін, ал басын шайқау арқылы қарсылықты білдіруі ырықсыз түрді болатын бейвербалды амалдар. Сондай-ақ, бейвербалды амалдар арқылы сөйлеушінің көңіл-күй иірімдерін, толғанысын, айтылған хабарға ықыласын, өзінің тыңдаушысына деген көзқарасын т.б. жағдайларды байқауға болады. Мысалы: *Әйтеке қамшысын көкке көтерін. Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді. Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды.* Берілген сөйлемдегі «қамшысын көкке көтеру», «бастарын шұлғу» кинемалары арқылы біріншіден, халықты тыныштыққа шақырса, екіншіден, жұрт назарын өзіне аудару, үшіншіден, айбарлы, азулы би екенін байқаймыз, яғни бір ғана кинема арқылы үш түрлі ақпарат берілген. Бұл бейвербалды амалдар арқылы хабардың толық әрі жан-жақты берілетінінің дәлелі деп білеміз.

Зерттеудің нысаны: Бейвербалды амалдар және олардың құпия тілдесімдегі орны

Зерттеудің пәні: Ұлттық негізде қолданылатын бейвербалды амалдар.

Мақсаты: бейвербалды амалдардың коммуникация кезіндегі рөліне сипаттама жасау, мәдениаралық қарым-қатынас кезіндегі мағынасына түсінік беру. Жекелеген кинемалардың мағынасына талдау жасай отырып, жасырын амал-әрекеттерді білдіру үшін жұмсалатын ишараттарға тіл білімінде алғаш рет түсінік береміз.

Міндеттері: тіл біліміндегі бейвербалды амалдар жөніндегі тұжырымдарды саралау; құпия хабарды жеткізу үшін жұмсалатын бейвербалды амалдардың қолданысын көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу үшін талдау әдісін, әр ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін, жекелеген кинесикалық амалдардың қазақ және орыс халқында қолданылу мәнін түсіндіруде салғастырмалы әдіс қолданылады. Зерттеу қорытындысы бойынша бейвербалды амалдардың

астарындағы жеке ұлттың танымына байланысты берілген астарлы мағынаны түсіну үшін сол ұлттың тарихы мен мәдениетінен, салты мен дәстүрінен хабардар болуы керек. Сондай-ақ бейвербалды амалдардың қолданыс жиілігі барлық ұлтта бірдей болмайтынына көз жеткіздік. Осы мақалада бұған дейінгі зерттеулерде сөз болмаған бейвербалды амалдардың жасырын, құпия мәніне алғаш талдау жасалды. Адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынас тілдің көмегімен ғана жүзеге аспайды, кей жағдайда тілден тыс құралдардың көмегімен беріледі. Яғни адамдар тек дыбыстық ғана емес бейвербалды амалдарды қолдану арқылы бір-бірімен түсінісе алады.

Зерттеушілер тілдің көмекші құралдарына бейвербалды амалдарды, таңбаларды жатқызады. Сөйлеу әрекеті кезіндегі бейвербалды амалдардың қызметі мағынасы жағынан өте кең. Г. Е. Крейдлин бейвербалды семиотиканы пәнаралық ғылым деп тауып, оның 10 түрін бөліп көрсетеді: паралингвистика (бейвербалды коммуникациядағы дыбыстық кодтар туралы ғылым), кинесика (жест туралы ғылым), окулесика (сөйлеу кезіндегі көз қимылы туралы ғылым), аускультация (коммуникация кезіндегі дыбыстарды қабылдау туралы ғылым), гаптика (тактильді коммуникация туралы ғылым), гастика (тамақ пен сусындардың таңбалық және коммуникативтік қызметі туралы ғылым), ольфакция (коммуникациядағы иістің рөлі), проксемика (коммуникация кеңістігі туралы ғылым), хронемика (коммуникация уақыты), системология (коммуникация процесіндегі объектінің рөлі туралы ғылым) [2, 32]. Аталмыш паралингвистикалық құбылыстарға сөйлеу қарқыны, дауыс түрлері, интонация, күлкі, жылау, сыбырлау т.б. жағады. Ал С. Мағжан дене қимылдары, мимика, сыртқы кейіп сияқты коммуникацияның көмекші құралдары кинесиканы құрайтынын дәлелдей келе, ым-ишараттың үш түрін бөліп көрсетеді: **кинесикалық амал; просодикалық амал; такесикалық амал** [3, 14].

Зерттеу барысында байқағанымыздай, паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Адамдар бір-бірімен белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады. Шетел ғалымдары бейвербалды амалдарға коммуникативті қарым-қатынаста адамның көзқарасын, сезімін, эмоциясын білдіретін маңызды құрал деп қарайды, адам мен компьютерлік жүйе арасындағы мультимодальды байланыста маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [4, 12]. Бейвербалды амалдардың коммуникациялық қызметі туралы алғашқы пікірді айтқан тілші-ғалым Қ. Жұбанов дыбыстап сөйленген сөздің олқысы көбінесе ыммен толады. Бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да ыммен ылаждап түсінуге болады [5, 148]. Тілші-ғалымдар да бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметі дыбыстық тілден бұрын пайда болғанын, тілі басқа халықтардың арасында қатысымдық қызметті атқаратынын айтып кетеді [6, 57; 90]. Дегенмен, әр ұлттың дара

танымы, өскен ортасы, салты мен дәстүріне байланысты кинесикалық амалдардың мағынасы да қолданылу аясы да өзгеше болып келеді. Қазақ ым-ишараттарының сөздігін жасаған Б. Момынова әлеуметтік-топтық сипаттама қарым-қатынас кезінде тілдік ұжым біртегіс, жаппай қолданатын бейвербалды құралдардың әлеуметтік, топтық сипаттары қалыптасатынын, әсіресе мұндай көрініс көбінесе кәсібибейвербалды элементтердің ортақ белгілерін анықтаумен байланысты болатынын айта келіп, сөйлеушінің ұлттық немесе аумақтық атрибуттары диалектілік бейвербалды элементтерді анықтап алуға көмектесетінін ерекше атап өтіп, осы топқа енетін бейвербалды элементтердің ұлттық ділмен байланыстылығын және олардың ұлттық ерекшелікті көрсететін топ екендігін айтады [7, 19].

Әрбір этностың бейвербалды амалдары бір-бірінен ерекшеленеді, айырмашылығы болады. Бір ұлтта белгілі бір мазмұнға ие дене қимылы басқа бір ұлтта еш нәрсені аңғартпауы мүмкін. Г. В. Колшанский әр халықта кездесетін ым-ишаралар өз алдына бөлек мағыналарымен түсіндірілетінін айта келіп, орыс халқында «бас шұлғу – мақұлдау белгісі болса, болгар ұлтында бұл кинема келіспеушілік белгісі» екендігін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді [8, 67]. Дегенмен кейбір ым-ишараттар әртүрлі халықтың қолданысында бірдей мағынада жұмсалатын тұстары да кездеседі. Мысалы: *Тс-с, – Мойымжан сұқ саусағын ерніне басып, бұлт етіп, одан аулақтап кетті.* (Ә. Орынбаев). *Иван без всякого испуга приподнялся на кровати и увидел, что на балконе находится мужчина. И этот мужчина, прижимал палец к губам, прошептал: –Тс-с!* (Булгаков). Берілген мысалдағы сұқ саусағымен ернін басу кинемасы арқылы қазақ және орыс ұлттары үндеме, тыныш деген мағынаны білдірген. Тілдесім барысында кездесетін бейвербалды амалдар үнемі дөп түсіп жатады деп айта алмаймыз, себебі әр ұлттың дүниетанымы, мәдениеті, салты мен дәстүріне байланысты өзгешеліктер міндетті түрде болады. Аталған кинеманы М. П. Ешимов ТМД халықтарының көпшілігіне тән деп түсіндіреді [9, 91]. Кей жағдайда бір кинеманың мағынасы әртүрлі интерпретацияланады да, жекелеген ұлт өкілдерінің арасында түсінбеушілік орнатуы мүмкін. Бұл туралы Л. А. Аверкина өз еңбегінде былайша түсіндіреді: «Факт, что некоторые сигналы тела в различных культурах очень похожи, указывает на то, что они свойственны человеку от природы», – дей келе, мәдениаралық қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың сипатына талдау жасайды [10, 124]. Қазақ халқында «бас іззеу» кинемасы «келісуді, мақұлдауды» білдірсе, түріктер бұл кинема арқылы «келіспеу» ишарасын білдіреді. Яғни, әртүрлі ұлттардың танымында бейвербалды амалдар түрлі мағынада жұмсалады. Сондықтан өзге ұлт өкілдерімен коммуникативті байланысқа түскенде, бейвербалды амалдардың мағынасына, қолданылу аясына баса назар аударғаны дұрыс.

Жоғарыда келтірілген пікірлерден бейвербалды амалдарды қолдану мен олардың әр ұлттың танымына байланысты өзгешеліктерін анықтау үшін мағыналық талдау жасау аздық ететіндігін байқауға болады. Себебі бейвербалды амалдарды семантикалық аспектіде қарастыра отырып, олардың табиғатын толық түсініп, құрылымдық ерекшелігін анықтау жеткіліксіз. Бір ұлттың дүниетанымын, ұстанымын, мәдениеті мен салт-дәстүрін тану үшін бейвербалды амалдарға жүйелі талдау жасау қажет. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың мән-мағынасын терең түсіну кезінде сол бейнелі ұғым-түсініктерді көз алдымызға елестетуіміз керек. Мысалы, *қамшы тастау, иіліп сәлем салу, жүресінен отыру* кинемаларын алып қарасак, бұлардың бәрі де ұлттық негізде пайда болған. Сондықтан да олардың мән-мағынасына терең бойлап, толық түсіну үшін қазақ халқының тарихын, тұрмысын, салт-дәстүрін жақсы білу қажет. Оларды білмейінше, аталған кинемалардың астарындағы имплицитті мағынаның кілтін ашу қиындық туғызады. Кез келген бейвербалды амалдардың мағынасын түсіну барысында коммуниканттар арасында ол туралы ұғым болуы керек. Мәселен, *қамшыны алдына тастау, кеудесіне ұстау, қолға алу, иегіне тіреу* қамшымен жерді, киізді, алашаны соққылау, т.б. сияқты кинемалар жасалады. Коммуниканттың бұл кинемаларды түсіну үшін қазақ халқының өміріндегі қамшының атқаратын рөлі туралы білімі болуы керек. Халқымыз қамшыға биліктің, ержүректіліктің, батырлықтың символы деп қараған, қастерлеген, оны төрге ілген. Ер адамдар қамшыны өзінің жанында ұстаған. А.Мырзахметқызы қазақ шаңырағының төрінде ілулі тұратын қамшыны көргенде, таспадай тіліп өтетін тілі бар, қазақтың қанына біткен қайсарлығы бар азаматтың шаңырағы екендігін түсінуге болатынын айтады [11, 1].

Ғалым Б. Момынова қамшыға қазақ қатысым мәдениетіндегі аса маңызды артефакт деп қарайды және мағыналық әрі қатысымдық негізде талдау жасайды [7, 157]. Қазақ халқында үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету бірінші орынға қойылады. Қазақ жастары еш уақытта үлкен адамның жолын кеспеген, үлкен тұрған жерде бірінші болып сөз бастамаған, отбасында ақсақалы бар адам табақтан бірінші болып тамақ алмаған – мұның бәрі де әрбір қазақ отбасында қатаң сақталған заң болған. Осыған байланысты «аттың басын оздырмау» деген сөз бар. Мысалы: *Әбілқайыр өз-өзінен ыңқылдап келе жатқан бидің ойын бөлгісі келмегендей, астындағы сылаң сұр арғымақты оздырмай, сипай қамшылап жым-жырт келеді*. Сөйлемдегі арғымақты оздырмауының себебі, ханның өзімен үзеңгілес келе жатқан қазақтың беделді биі Әйтекеге құрметі болса керек. Аттың басын оздырмау ишарат мағынасы жағынан ұқсас бірнеше кинема бар. *Аттан түсіріп алу, аттан қолтықтап түсіру* сияқты бейвербалды амалдардың қолдану аясы мен мағынасы жағынан жоғарыда сөз болған атын оздыру ишаратымен сәйкес

келеді, мағыналары құрмет, сыйластық мәнін білдіруімен тең түседі. Көзін төмен салу кинемасы ұялуды білдіретін, ұялған кейіп таныту кинесикалық амал түрі деп түсіндірілгенімен [7, 125], қазақ халқының дәстүрінде бұл да үлкенге құрмет көрсетудің белгісі, себебі жасы кіші адам үлкендерге және әйел адамдар ер адамның бетіне тіктеп қарамаған. Мысалы: *Хақназар хан кіріп келгенде, Ақторғын ұзын кірпіктерін көтермей, көзін төмен салды* (І. Есенберлин). Ал еуропалықтарда көзге тік қарамау сенімсіздіктің, тәрбиесіздіктің белгісі екені мәлім [10, 126]. Искери қарым-қатынаста көзге тік қарамау кинемасы кез келген халықтың түсінігінде сенімсіздік пен күмәндану мағынасын тудырады. Бұл ойымызды ағылшын лингвисті Адам Кендонның пікірі де нақтылай түседі [12, 23].

Қазақ халқының дәстүрінде қара жамылу кинемасы – жамандықтың белгісі, қара түс – қайғының символы. Бұл жөнінде Ы. Алтынсарин: «Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына қара жамылады», – дейді [13, 97]. Ел ағасынан, бағырынан айырылғанда әйел адамдар шаштарын жайып жіберіп, шаштарын жұлып, қара жамылып жоқтау айтқан. Қазақтың дәстүрінде шашын жаю кинемасы тек әйелдерге ғана тән. Тілтанушылардың бір тобы осы сияқты ұлттық негіздегі бейвербалды амалдардың имплицитті мағынасын (астарлы) түсіну үшін аялық білімнің болуы заңды екенін айтқан.

Сонымен бейвербалды амалдар көп нәрседен мәлімет бере алады. Яғни, адресант пен адресатты ұлты, тіршілік ету территориясы мен жеке әлеуметтік ерекшеліктерінен, жас ерекшелігінен, тіршілік ету ортасы (қала, ауыл) жағынан танытады, дәл вербалды амалдар сияқты белгілі бір ақпаратты жеткізеді. Бейвербалды амалдар сөйлеу әрекеті кезінде адамның ішкі жан дүниесі, психикалық және эмоциялық күйінен хабар береді. М. Жұмабаев: «Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді, ...дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер береді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады» [14, 23], v дегендей, «адам бойындағы түрлі психологиялық иірімдері (толқу, қуану, ашу, қору т.б. сияқты)» арқылы оның ішкі құпия-сырын тануға болады. Тілші Ж. Нұрсұлтанқызы бейвербалды амалдарды қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі деп бағалайды [15, 8]. Ал зерттеушілер Ш. Мажитаева, Е. Е. Түйте адамның психикалық жай-күйлерінің берілу тәсілін төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- 1 Соматикалық белгілер арқылы;
- 2 Бет-әлпеттің түр-түсі арқылы;
- 3 Қысым немесе температура арқылы;
- 4 Секреторлық бездердің қызметі арқылы;
- 5 Дауыс ырғағы арқылы;

6 Тыныс алу арқылы;

7 Жүрек қызметі [16, 378–380].

Мысалы: *Елемес қайтадан қуанды. Көзі жайнап кетті, бетіне күлкі жүгірді. Қолын жайып, Ильяны құшақтап сүйін-сүйін алды. Илья қуанып тұрып бас бармағын көрсетті* (С. Ерубаяев. Менің құрдастарым, 215 б.) деген сөйлемдердегі Елеместің қуанышын оның жүзіндегі түрлі қимылдарынан байқауға болса, Ильяның «бас бармағын көрсетуі» арқылы «жарайсың», «кереметсің» деген ойларды аңғаруға болады.

Ойды дәлме-дәл беруде ым белгілі бір сөзбен айтылатын ұғымды алмастыра алады. Мысалы: *қасын керу, көзді барынша ашу, ерін шығару, ауыз ашылу* адамның таң қалғандығын білдіреді. Ал *ашу-ызаны білдіруде қабағын түю, маңдайын тыржиту, көздерін сығырайту, ерін жымқыру немесе тістеу* сияқты жестпен түсіндіріледі. Сондай-ақ, қуаныш езудің сәл жоғары көтерілумен және жұмсақ жымныспен беріле алады. Ым тек бір сөзді ғана емес, сонымен қатар тұтас бір сөз тіркесі немесе сөйлемдермен берілетін хабарды жеткізеді. Мысалы, біреуден біреу хал-жағдайын сұрағанда, екіншісі бас бармағын көрсету арқылы «жақсы» дегенді, қолын сілтеу арқылы соған керісінше «мәз емес» деген хабарды білдіре алады.

Бейвербалды амалдарды жалпыхалықтық мағынадан тыс мәнде қолдану барысында коммуниканттар арасында өзара келісім болуы қажет. Мұндай қолданыстар күнделікті қарым-қатынаста жиі кездеседі. Мысалы: *Попов маған көзін қысып қалды да, нештен қарғып кетті* (Қ. Қайсенов, 34 б.). Берілген сөйлемдегі көз қысу ишараты – мен шықтым деген мағынаны білдіреді. Жалпыхалықтық қолданыста бұл басқа мағынада жұмсалады. Адамдар өз араларындағы жасырын әрекеттерін, құпия хабарларын ым, ишара, емеурін арқылы жеткізу жиі кездесіп отыратын тәсіл. Кей жағдайда адамдардың алдын ала келісімінсіз-ақ коммуниканттар бірін-бірі толық түсінісіп жатады. Мұндай түсініс адресат пен адресанттың белгілі бір ым-ишаратты бірдей түсінгендігінен жүзеге асырылады. Бейвербалды амалдардың мағынасын саралау мақсатында студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға қатысқан 40 студенттің 35-інің жасырын хабарды бейвербалды амалдармен жеткізетіндігі анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың көбі құпия, жасырын хабарды беру кезінде «көз қысу», «қасын керу», «бас ізеу», «саусақпен ерінді басу», қол саусақтарын әртүрлі қимылға келтіру сияқты кинемаларды қолданатындықтарын байқадық. Өкінішке орай, қазақ халқының тарихында аса маңызды рөлге ие болған «қамшыны алдына тастау» ишаратын, бүгінгі жастардың басым көпшілігі білмейтін болып шықты.

Қорытынды

Бейвербалды тілдік емес амалдар төмендегідей қарым-қатынас қызметін атақарады: Біріншіден, коммуникативтік қатынаста қосымша

ақпарат жеткізушілік, яғни сөйлеу кезінде ойды, пікірді нақтылай түсу үшін қолданылады, сөзбен тығыз байланысты бола келіп, ойға түрліше ренк береді және нақтылайды, сондай-ақ оның дұрыс қабылдануына ықпал етеді.

Екіншіден, сөйлеу кезінде вербалды компонент айтылмай, түсіріліп қалған жағдайда ақпараттың бейвербалды амалдардың мәтін ішінде қызметке кірісуімен жеткізілуі; мәселен, адамдардың бет-әлпетіне қарап-ақ психикалық, көбінесе эмоциялық жай-күйін, яғни, оның ашулы кейіпін, таңырқаулы күйін, я мазасыздық жайын айтып жеткізбей-ақ аңғара аламыз.

Үшіншіден, вербалды амалдармен тең дәрежеде әрі қатар қолданылуы барысында белгілі мағынаны нақтылаушылық қызметі; қолданылу жиілігі мен аясы белгілі бір халықтың әдеп-ғұрпын, өзіндік түрлі қырларын, оның ішінде менталитеті мен салт-дәстүр нормаларын көрсетеді.

Төртіншіден, бейвербалды амалдар халықтың танымына байланысты түрліше мағынада қабылданады: кейде бірдей мағынада, кейде әртүрлі мағынада.

Бесіншіден, бейвербалды амалдардың жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жекелеген адамдардың өзара келісімі бойынша жұмсалып, өз араларындағы жасырын хабарды жеткізеді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Пиз, А.** Язык телодвижений. – М. : Издательство «Э», 2017. – 464 с.
- 2 **Крейдлин, Г. Е.** Невербальная семиотика (монография). – М. : Новое литературное обозрение, 2002. – 400с.
- 3 **Мағжан, С.** Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналығы: канд. автореф. : 10.02.02. – Алматы, 2007. – 28 б.
- 4 **Gong, S., Wang, Y., Mao, H.** Machine learning in human-computer nonverbal communication. // NeuroManagement and Intelligent Computing Method on Multimodal Interaction. – China: Suzhou, 2019. – P. 12–22.
- 5 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.
- 6 **Мажитаева, Ш., Муратова, А.** Передача скрытого значения при помощи знаков. Вестник РУДН, Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – М., 2013. № 4. – С. 90–97.
- 7 **Момынова, Б.** Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 288 б.
- 8 **Колшанский, Г. В.** Паралингвистика. – М. : КомКнига, 2010. – 96 с.
- 9 **Ешимов, М. П.** Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филология ғылым.канд. дисс.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 140 б.
- 10 **Аверкина, Л. А.** Коммуникация – важный аспект межкультурной коммуникации.// Вестник Московского гос. лингвистического университета, 2008, № 554. – С.123–133.

11 **Мұхаметқалиқызы, А.** Қазақ пен қамшы. // Абай-ақпарат. – Алматы, 2012, № 2. – Б. 1–4.

12 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction. // Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967. – P. 22–63.

13 **Алтынсарин, Ы.** Қазақ хрестоматиясы. – Алматы : Білім, 2003. – 112 б.

14 **Жұмабаев, М.** Педагогика. 3-ші бас. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 160 б.

15 **Нұрсұлтанқызы, Ж. О.** Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 29 б.

16 **Мажитаева, Ш., Түйте, Е. Е.** Психикалық жай-күйлерді берудегі тілдік емес белгілердің қызметі. Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері. – Алматы : ҚазМемҚызПИ, 2008. – Б. 373–380.

References

1 **Piz, A.** Iazyk telo dvighenii [Language of body movements]. – Moscow : Izdatelstvo «E», 2017. – 464 p.

2 **Kreidlin, G. E.** Neverbalnaia semiotika (monografia) [Non-verbal semiotics]. – Moscow. : Novoe literatyrnoe, 2002. – 400 p.

3 **Magzhan, S.** Qazaq tilindegi beiverbaldy elementterdiñ kopmagynalygy [Polynomial of nonverbal elements in the Kazakh language]: filologia gylm. kand. avtoref. – Алматы, 2007. – 28 p.

4 **Gong, S., Wang, Y., Mao, H.** Machine learning in human-computer nonverbal communication. // NeuroManagement and Intelligent Computing Method on Multimodal Interaction. – China : Suzhou, 2019. – P. 12–22.

5 **Zhubanov, Q.** Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty : Gylm, 1999. – 581 p.

6 **Mazhitayeva, Sh, Muratova, A.** Peredacha skrytogo znachenia pri pomoshi znakov [Conveying hidden meaning using signs]. Vestnik RUDN, Seria Teoria iazyka. Semiotika.Semantika. – M., 2013. № 4. – P. 90–97.

7 **Momynova, B.** Qazaq ym-isharattarynyñ tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh gestures]. – Almaty : A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, 2017. – 288 p.

8 **Kolshanskii, G. V.** Paralingvistika. [Paralinguistic] – Moscow.: KomKniga, 2010. – 96 p.

9 **Eshimov, M. P.** Ym semantikasy. Universaldy zhane ulttyq tabigaty [Semantics of names: universal and National Nature]: filologia gylm.kandidaty diss.: 10.02.19. – Almaty, 2004. – 140 p.

10 **Averkina, L. A.** Kommunikatsia – vazhnyi aspect mezhkulturnoi kommunikatsii. [Communication is an important aspect of cross-cultural

communication]. Vestnik Moscovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta, 2008, № 554. – P. 123–133.

11 **Mukhametqaliqzy, A.** Qazaq pen qamshy [The Kazakh and the whip]. Abai-aqparat. – Almaty, 2012, №2. – P. 1–4.

12 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction. Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967.

13 **Altynsarin, Y.** Qazaq khrestomatiasy [Kazakh anthology]. – Almaty: Bilim, 2003. – 112 p.

14 **Zhumabaev, M.** Pedagogika [Pedagogy]. – Almaty: Ana tili, 1992.–160 p.

15 **Nursultanqyzy, Zh. O.** Bokeev shygarmalaryndagy beiverbaldy amaldar [Nonverbal tricks in the works of O. Bokeev]. filologia gylym. kand. avtoref.: 10.02.02. – Almaty, 2004. – 29 p.

16 **Mazhitayeva, Sh., Tuite, E. E.** Psikhalyq zhai-kuilerdi berudegi tildik emes belgilerdiñ qyzmeti [The function of non-linguistic signs in the transmission of mental states]. – Almaty: QazMemQyzPI, 2008. – P. 373–380.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

A. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева², У. М. Бахтикуреева³

^{1,2}Қарағандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда;

³Российский университет дружбы народов, Российская Федерация, г. Москва.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

СКРЫТОЕ ЗНАЧЕНИЕ, ПЕРЕДАВАЕМОЕ ПОСРЕДСТВОМ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ

В статье авторы изучают историю исследования невербальных средств общения. Опираясь на выводы ученых-языковедов и на примере собранных из художественных произведений анализируют национальные особенности невербального общения. Также авторы представляют компаративный анализ данных средств общения в различных национальных культурах, определяют особенности невербальных языков. Проводят семантический анализ вспомогательных средств общения, используемых в зависимости от мировоззрения и культуры, истории и образа жизни каждой нации. Определяют смысл невербальных приемов, используемых в ходе общения, опираясь на результаты анкетирования студентов.

Авторы статъи на языковых фактах доказывают, что невербальные средства используются для передачи скрытого значения, существуют помимо их основного значения и дополнительные, употребляемые по взаимному согласию между отдельными лицами или членами специальной группы.

Методы и результаты исследования: В исследовании авторы используют метод анализа для объяснения скрытого, неявного смысла невербальных операций, описательный метод для объяснения значения отдельных кинетических методов у казахов и русских народов.

Ключевые слова: невербальные средства, кинесика, мимика, скрытое значение, национальное мировоззрение.

A. N. Muratova¹, Sh. Mazhitayeva², U. M. Bakhtikireeva³

^{1,2}E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

³Russian University of Friendship of Peoples,
Moscow, Russian Federation.

Material received on 16.03.21.

HIDDEN VALUE TRANSMITTED THROUGH NON-VERBAL ACTIONS

In this article, the authors study the history of nonverbal communication tools research. Based on the conclusions of linguists and on the example of works of art, the authors analyze the national characteristics of nonverbal communication. The authors also present a comparative analysis of these means of communication in various national cultures, define the features of non-verbal languages. The authors conduct semantic analysis of auxiliary means of communication used depending on the worldview and culture, history and lifestyle of each nation, determine the meaning of non-verbal techniques used in communication, based on the results of a survey of students.

The authors of the article use language facts to prove that non-verbal means are used to convey a hidden meaning, and there are additional means besides their main meaning that are used by mutual consent between individuals or members of a special group. In the study, the authors use the method of analysis to explain the hidden, implicit meaning of non-verbal operations, the descriptive method to explain the meaning of individual kinetic methods in the Kazakh and Russian peoples.

Keywords: nonverbal means, kinesics, facial expressions, hidden meaning, national worldview.

Теруге 16.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,80 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,0. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3754

Сдано в набор 16.03.2021 г. Подписано в печать 26.03.2021 г.
Электронное издание
1,80 Mb RAM

Усл. печ. л. 17,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3754

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz